

"Электр энергиясын тұтынуға шек қою және ажырату графиктерін жасау мен қолдану туралы уақытша ережені бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 қаңтар 1993 ж. N 8. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Энергетика жүйесіндегі электр энергиясының немесе қуатының авариялық тапшылығы пайда болған жағдайында энергетика жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті
қ а у л ы е т е д і :

1. Электр энергиясын тұтынуға шек қою және ажырату графиктерін жасау мен қолдану туралы қоса беріліп отырған Уақытша ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Мемэкономкомымен келісе отырып, "Қазақстан энергетика жүйелерінде электр энергиясы мен қуатының жетіспеушілігі кезінде электр энергиясын тұтынуға шек қою және ажырату графиктерін жасау мен қолдану тәртібі туралы нұсқауды" әзірлеп,
б е к і т е т і н б о л с ы н .

3. Электр тұтынудың белгіленген тәртібінің сақталуын бақылауды жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдарымен бірлесіп атқару Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің "Қазақстанэнерго" мемлекеттік электроэнергиялық компаниясын энергиямен жабдықтайтын ұйымдарына жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 қаңтардағы
N 8 қаулысына

Қосымша

Электр энергиясын тұтынуға шек қою және
ажырату графиктерін жасау мен қолдану
туралы Уақытша ереже

1. Электр энергиясының немесе қуатының жетіспеушілігі кезінде тұтынушыларды электрмен жабдықтау шарттары осы Уақытша ережемен

а н ы қ т а л а д ы .

2. Электр энергиясының немесе қуатының жетіспеушілігі пайда болған жағдайда, энергиямен жабдықтау ұйымдары тұтынушылармен бірлесіп, үстіміздегі жылғы 1-қазаннан келесі жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде электр энергиясын тұтынуға шек қою және ажырату графигін жасайды.

Графиктер "Электр энергиясының немесе қуатының жетіспеушілігі кезінде электр энергиясын тұтынуға шек қою және ажырату графигін жасау мен қолдану тәртібі туралы нұсқауға" сәйкес жасалады.

Графиктерді энергиямен жабдықтау ұйымдарының басшылары жергілікті жерлердегі тиісті атқарушы өкімет органдарымен келісіп бекітеді және тұтынушыларға х а б а р л а й д ы .

3. Электр энергиясын тұтынуға шек қою және ажырату графиктерінде электр энергиясын тұтынуды электр энергиясының тәуліктік пайдалы жіберілуінің 25 процентке дейінгі ортақ көлеміне кезек бойынша қысқарту және тұтас энергетика жүйесі бойынша ең жоғары салмақ түсетін сағаттарда электр тұтынымын 20 процентке дейін қысқарту көзделуге тиіс.

4. Энергиямен жабдықтау ұйымдары тұтынушыларға электр энергиясын тұтынуға шек қою графигінің алдағы тәуліктерде күшіне енетіні туралы, ағымдағы тәулікте сағат 14-тен кешіктірмей (жергілікті уақыт бойынша) шек қоюдың басталуы мен аяқталу уақытын көрсетіп хабарлап отырады.

Авариялық ахуал бола қалғандай жағдайда электр энергиясын тұтынуға шек қою графиктерін шұғыл күшіне енгізудің жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл туралы шек қою күшіне енгізілгенге дейін 1-сағат бұрын тұтынушыларға хабарланатын б о л а д ы .

5. Энергиямен жабдықтау ұйымдарының электр энергиясын ажырату графигінің күшіне енгізілгені туралы өкімін тұтынушылар дереу орындауға тиіс.

6. Электр энергиясынан ажырату графигіне: электр энергиясын ажырату салдарынан адамдар өміріне қатер төндіруі және ауыр экологиялық зардап шектіруі, жарылғыш әрі улы өнімдер мен қоспалардың бөлініп шығуына әкеліп соқтыруы мүмкін өндіріс орындары, мемлекеттік өкімет және басқару органдары орналасқан ғимараттар; медицина мекемелері; байланыс мекемелері; сумен қамтамасыз ету мен канализация объектілері; желдеткіш, су төгу объектілері мен көмір және тау-кен кәсіпорындарының негізгі көтергіш құрылғылары; өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін объектілер; темір жол және ортақ пайдаланудағы электрлендірілген көлік; әуе және су көлігіндегі диспетчерлік басқару жүйесі, блоктау, белгі беру мен қорғау объектілері; мектеп-интернаттар, бала бақшалары, мектептер мен мектепке дейінгі балалар мекемелері; инкубаторлы құс стансалары және құс фабрикалары; нан зауыттары; сүт зауыттары,

теплица-парник шаруашылықтары, мал шаруашылығы кешендері, мұнай, мұнай өнімдері мен газға арналған құбырлар көлігі; мұнай, мұнай өнімдері мен газ өндіру және өңдеу жөніндегі кәсіпорындар; мемлекеттің хауіпсіздігін қамтамасыз ететін объектілер енгізілмейді.

Үздіксіз технологиялық процеспен жұмыс істейтін өндірістер үшін электр энергиясын ажырату графикін қолданудың электрмен жабдықтаудағы үзілістен келетін ықтимал залалды шектейтін тәртібі "Электр энергиясы мен қуатының жетіспеушілігі кезінде электр энергиясын тұтынуға шек қою және ажырату графикін жасау мен қолдану тәртібі туралы нұсқаумен" белгіленеді.

Графикке енгізуге жатпайтын объектілер және өндірістер тізбесі Қазақстан Республикасы Мемэкономкомитеті мен Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің бірлескен шешімі бойынша өзгертілуі м ү м к і н .

7. Жекелеген аймақтарда энергетика ресурстарының жетімсіздігінен ұзақ мерзімге туындаған, өнім шығаруды төмендетуге әкеліп соғатын электр энергиясы мен қуатын тұтынуды қысқарту атқарушы өкімет органдарының Мемэкономкомитетімен және Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігімен келісіп анықтаған тәртібі бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

8. Тұтынушылар электр энергиясын тұтынуға шек қою мен ажырату графиктерін күшіне енгізу туралы өкімдерді орындамаса, онда энергиямен жабдықтау ұйымдары мұндай тұтынушыларды электр энергиясын тұтынуды кемітудің берілген мөлшерін қамтамасыз ететін мөлшерге дейін шектеуге м ә ж б ү р е т е д і .

9. Электр энергиясына шек қою мен ажырату графиктері күшіне енгізілгеннен кейін энергиямен жабдықтау ұйымдары толық берілмеген электр энергиясының қалғанын тұтынушымен келісе отырып, кейінгі кезеңде беруге міндетті.